

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯ - ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІНДЕГІ САПА МЕН
БӘСЕКЕЛЕСТІҢ ТИІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫ МЕХАНИЗМІ**

**ИННОВАЦИОННАЯ КОНЦЕПЦИЯ – ВАЖНЫЙ МЕХАНИЗМ ОБЕСПЕЧЕНИЯ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ В ПТИЦЕВОДСТВЕ**

**INNOVATIVE CONCEPTION IS THE IMPORTANT MECHANISM OF PROVIDING OF
COMPETITIVENESS IN THE POULTRY FARMING**

*Ш.Е. ТҰРАҚБАЕВ**, *Д.Ш. БАЙМҰРАТОВ***, *Ф.Е. АКИЛОВА**
*Ш. ТУРАКБАЕВ**, *Д.Ш. БАЙМУРАТОВ***, *Ф.АКИЛОВА**
*SH. TURAKBAYEV**, *D. BAIMURATOV***, *F.AKILOVA**

(*Алматы технологиялық университеті, **Еуразия технологиялық университеті)
(*Алматинский технологический университет, **Евразийский технологический университет)
(*Almaty Technological University, **Eurasian Technological University)
E-mail: <fatim61@mail.ru>

Мақалада Қазақстанның өнеркәсіптік құс шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі авторлармен талданған. Авторлар болашақта технологиялық олқылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және отандық құс шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін едәуір арттыратын, әлемдік инновациялық технологияларды қолданудың ғылыми негізін қарастырады.

В данной статье авторами анализируется состояние конкурентоспособности продукции промышленного птицеводства Казахстана. Авторы рассматривают научные основы применения мировых инновационных технологий, которые позволят в будущем обеспечить технологический прорыв и существенно повысить конкурентоспособность отечественного птицеводства.

In this article, the author analyzes the state of the competitiveness of products poultry industry of Kazakhstan. The authors examine the scientific basis for the use of innovative technologies of the world, that will in the future provide a technological breakthrough and significantly improve the competitiveness of domestic poultry.

Негізгі сөздер: құс шаруашылығы, құс еті, сапалық бәсеке, инновация.

Ключевые слова: птицеводство, мясо птицы, конкурентоспособность, инновация.

Key words: poultry, poultry meat, competitiveness, innovation.

Кіріспе

Бәсекелестікке қабілетті тауар шығару үшін болашақтағы ең бір маңызды мәселелердің бірі - құрылымдық өзгерістер жасау болып табылады, яғни құс шаруашылығын қалпына келтіріп және оны одан әрі дамыту, ол азық-түлікпен қамтамасыз ету талаптарымен анықталады және ауыл шаруашылығын жүргізу жүйесіндегі құс шаруашылығының өз ролін қамтамасыз етіп, дамытуды қарастырады.

Ауыл шаруашылық салаларының ел экономикасындағы маңыздылығы, оның ішкі нарықтағы азық-түлік қауіпсіздігін сақтауда,

мемлекеттің экспорттық мүмкіндіктерін ұлғайтуда, отандық өзара байланысты кәсіпорындардың тиімділігін арттыруда және олардың сыртқы өндірушілерге тәуелділігін төмендетуде, ауыл шаруашылығы өнімдерін мақсатты пайдалануда және бәсекеге қабілетті өнімдер шығару арқылы мемлекеттің әлемдік нарықтағы беделін арттыруда көрініс табады. Қоғамдық қайта өндіруді анықтайтын фактор бәсекелестік болып табылады.

Тақырыптың өзектілігі

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына дейін және

одан кейін қабылданған бәсекелестікке қабілетті тауар шығарып, қызмет көрсетуге бағытталған теориялық алғышарттарды экономикалық нақты көрсеткіштерге ұластыру қажет және ол бүгінгі күннің көкейтесті талаптарының бірі. Ол үшін, экономистердің пайымдауынша, әр ел әлемдік шаруашылықта өз тауарымен және қызметімен өз орнын табуы тиіс. Десе де, белгілі бір ел ішкі азық-түлік және киім-кешек сұранысын мейлінше өзі қамтамасыз еткен жағдайда ғана ұлттық экономика бәсекелестікке қабілетті болмақ және ол тұрақты экономикалық даму кепілі.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты өсуіне қол жеткізу, еліміздің аграрлық секторының бәсекеге қабілеттілігін және инвестициялық тартымдылығын арттыру тек өндіріске ғылым мен техниканың алдыңғы қатарлы жетістіктерін (инновацияларды) енгізу негізінде ғана мүмкін.

Ол бәсекелестік процеске қатысушыларды сұраныспен бейнеленетін қоғамдық қажеттілікті жылдам қанағаттандыруға, инвестицияны меңгеруге, ғылыми-техникалық процессті дамытуға, шығындарды азайтуға, сапаны көтеруге итермелейді. Осылайша бәсекелестік процеске қатысушылар іріктеліп, халықаралық еңбек бөлінісіндегі ұлттық экономиканың бәсекеге қабілетін көтереді. Қазақстандағы бәсекенің қалыптасуы мен дамуы экономикалық өсудің негізгі шарты болып отыр[1].

Зерттеу нысаны және әдістері

Бәсекеге қабілеттіліктің негізгі көрсеткіштері және оған әсер ететін факторлар.

Сапа мен бәсекелестік - өзіне нарық жағдайында сәйкес тауар белгілерін құрайтын көп аспектілі түсінік.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін құрайтын көрсеткіштерді толығымен қарастырып өтейік:

Техникалық көрсеткіш - нарықта тұтынушылар ұсынатын талаптарға өнімнің сапасының, техникалық деңгейінің сәйкес келуімен анықталады. Бұл талаптар біздің елімізде де, шет мемлекеттерде қол жеткізілген ғылыми техникалық прогрестің және әлеуметтік-экономикалық деңгейінің жеке және қоғамдық қажеттіліктерді сипаттайды.

Тұтынушылардың техникалық көрсеткіштерге талаптары ұлттық және халықаралық стандарттардан көрінеді.

Өнім сапасы – тауар өнімінің бір бірлігін өндіруге белгіленген техника деңгейіне жету дәрежесі. Ол органолептикалық әдіспен (сезім мүшелері арқылы) немесе техника құралдарын, реактивтерді, аппарат, приборларды қолданып лабораториялық зерттеулер жүргізумен анықталады.

Өнімнің техникалық бәсекеге қабілеттілігі - өте икемді және динамикалық көрсеткіш. Ол белгілі бір өнімді өндіретін ірі әлемдік және мемлекет ішінде болатын ғылыми техникалық прогресс қарқынына сәйкес және перманентті өзгеріп отырады

Нәтижелер және оларды талдау


Нарықтағы өнімнің сапалық қасиеттерін бағалау үшін, ең алдымен әрбір көрсеткіштің тұтынушы үшін салыстырмалы маңыздылығы анықтап алу қажет. Бұл үшін тұтынушылардан алынған жауаптарға сараптық бағалау жүргізіледі.

Өнімнің бәсекелік қабілетін бағалаудың келесі кезеңі, яғни оның тартымдылық қасиеттері деңгейін анықтау да, сапа деңгейі іспеттес, салыстырмалы түрде балдық жүйемен жүргізіледі. өнімнің тартымдылық қасиеттері бойынша маңыздылық қасиеттерін анықтау үшін сараптық бағалау нәтижелері сұрыптталады. Оның ішіне: өнімнің тартымдылығы, сауда белгісінің беделі және сенімділігі, сыртқы қорабының келбеті, таңдау еркіндігі.

Қазақстандағы сапалық бәсекенің қалыптасуы және дамуы экономикалық өсудің негізгі шарты болып отыр. «Қазақстан-2030» даму Стратегиясы сапалық бәсекелестік нарықтарды құру, монополияға қарсы құралдарды реттеуді қамтамасыз етудің қажеттілігін атап көрсетеді.

Нарықтарда тұтыну үшін күрес шын мәнінде бәсекеге қабілетті өнім өндіру мен жасауды талап етеді. Сол себептен де құс өнімдерінің бәсеке қабілеттілігі мен оны өндіру шығындарының арасындағы рационалды экономикалық деңгейді іздеу мәселесі туып отыр. /2/.

Құс етін әлемдік өндіру мен пайдалану ерекше қарқынмен өсуде. Соңғы 10 жыл ішінде ол 50%-ке өссе, сиыр және қой еті 20%-ке ғана өскен. Жалпы соңғы 20 жылда құс етінің әлемдік орташа өсімі 5,2% болған (Суретті қараңыз).



Сурет - Әлемдегі ең ірі құс етін өндірушілер

Жоғарғы өсу деңгейін Қытай көрсетіп отыр: он жыл бойы жылына 15% өсуде. Бүгінгі күннің өзінде Азия құс етін өндіру көлемі бойынша бірінші орынға шықты.

Соңғы үш жылдың ішінде Қазақстанда өңдеуші кәсіпорындардың саны ауыл шаруашылығында екі есеге дейін өсті.

2013 жылы 152,3 мың тонна құс еті өндірілген.

Бұл құс еті басқада республика көлеміндегі мал шаруашылығы салаларының өндіру мен пайдалануымен салыстырғанда 8% - ды құрады.

Біздің мемлекетіміздің құс шаруашылығының дамуы үшін ең маңыздысы, осы салада шет елдік мол тәжірибелі экономикалық басқару, ассортиментті тиімді жаңалаудың басты шарты құрастырылатын жаңалықтарға инвестиция және жаңашылдықты өндірудің нәтижесінде тиімділік алынуы керек, ол – инновациялық концепция.

Бұл жоба жаңа экономикалық ұйымдас-тыру жұмыстары мен өндіріске дүние жүзілік инновациялық жетістіктерді енгізу.

Шет елдік кәсіпкерлік жаңаша көзқарас стратегиясы - сапаның тұтынушының талаптарын қанағаттандыратын сонымен қатар өндіріс шығындарын төмендетудің ең тиімді құралы екендігін түсіндіреді.

Экономика теориясында, сыртқы және ішкі факторлар өндірілетін өнім көлеміне тікелей әсер етеді деген қағида бар [3].

Тауардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету маңызды рөл атқарады. Шетел

тәжірибесі көрсеткендей, бес жыл бойы бір өнім түрін шығарып келетін компаниялар және тұтынушылық жаңашылдыққа өнім өндірісін өткізуін дайындамағандықтан, бәсекеге қабілеттілігін жоғалтады.

Бүгінде бәсекеге қабілетті өнім ғана сұранысқа ие болады.

АҚШ фирмалары тауар-жаңалықтар есебінен 30-50% пайда алады [4].

Қорытынды

Жалпы алғанда, отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру мәселесі әлі күнге өзекті күйінде қалып отыр.

Көптеген тұтынушылардың отандық өнімдердің тұтынушылық сипаттарын жете білмегендігі олар туралы ақпараттың аздығы, осыған сәйкес танымалдылығы жоғары шетелдік өнімдерге сұраныстың қалыптасатыны сезілуде.

Өндіріс технологиясы мен адам қажеттілігінің дамуы әсерінен сапа рөлі мен маңызы үнемі өсіп отырады. Мәдениет пен білім деңгейінің өсуі күннен-күнге тұтынушылардың сұраныс талабы мен қалауын өсіріп отыр.

Ал өнімге сұраныс болды деген сөз кәсіпорынның пайдасының ұлғаюына алып келеді. Мұндай жағдайда тек кәсіпорын басшыларына ғана емес, мемлекетке, халыққа өте пайдалы болып келеді. Көптеген кәсіпорындар нарыққа шығар алдында маркетингтік зерттеулер жүргізеді. Ол нарықтағы бәсекелестердің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Біздің мемлекетіміздің құс шаруашылығының дамуы үшін ең маңыздысы, осы салада шет елдік мол тәжірибелі экономикалық басқару, ассортиментті тиімді жаңалаудың басты шарты құрастырылатын жаңалықтарға инвестиция және жаңашылдықты ендірудің нәтижесінде тиімділік алынуы керек, ол – инновациялық концепция.

Бұл жоба жаңа экономикалық ұйымдастыру жұмыстары мен өндіріске дүние жүзілік инновациялық жетістіктерді енгізу.

Шет елдік кәсіпкерлік жаңаша көзқарас стратегиясы - сапаның тұтынушының талаптарын қанағаттандыратын сонымен қатар өндіріс шығындарын төмендетудің ең тиімді құралы екендігін түсіндіреді.

Өнім сапасы мен бәсекелестік мәселесі - тауар өндірушілер алдында тұрған экономикалық және әлеуметтік мәселелердің маңыздысы.

Сол сияқты өнімнің тартымдылық қасиеттерімен де шетелдік өнімдерден ерекшелену міндетін орындау үшін әрбір кәсіпорын өзінде бар мүмкіншіліктерді барынша пайдалану және оған мемлекет тарапынан кең қолдау көрсету қажеттілігі айқын сезіледі.

Біздің мемлекетіміздің құс шаруашылығының дамуы үшін ең маңыздысы, осы салада шет елдік мол тәжірибелі экономикалық басқару, ассортиментті тиімді жаңалаудың басты шарты құрастырылатын жаңалықтарға инвестиция және жаңашылдықты ендірудің нәтижесінде тиімділік алынуы керек, ол – инновациялық концепция.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Туракбаев Ш. Разработка технологии ветчинных изделий из утиного мяса.// Автореферат диссерт. на соиск. учён. ст. канд. техн. наук: Алматы, 2003 г., 31с.

2. Фисинин В.В. Современные технологии в мясном птицеводстве. [Интернет ресурс] Режим доступа: <http://www.agro-technika.ru/issue/6/174/24.04.2007>.

3. Яковлева Н.Д., Конкурентоспособность мировых технологий и качество продукции. //Птица и птцепродукты - № 1. - 2010. - С.12-13.

4. Алан Р Сэмс, Переработка мяса птицы //Перевод с англ. языка, Санкт-Петербург: ГУП «Наука»- 2007. – 430с.